# SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№02 (9075)

ДҮЙСЕНБІ
2 қаңтар, 2023 жыл


# АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ- басты назарда

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл медицинасының ахуалын жақсарту жөнінде тапсырма бергені белгілі. Ауылдағы ағайын бұл оң өзгерісті биылдан бастап сезіне бастайды. Жыл басталысымен медицина саласын дамытуға 460 млрд теңге жоспарланып, оның 40%-ы ауыл-аймақтарға бөлінеді.**

30 жылда отандық денсаулық сақтау саласында аз жұмыс атқарылған жоқ. Әсіресе, пандемия кезінде еліміздегі медицина саласына ерекше назар аударылды. Жылдағыдай емес, биыл мемлекеттен бөлінетін қаржы да көбейді. Бұрыннан келе жатқан түйткілді мәселенің түйінін тарқатуда Президент тапсырмасының ықпалы артты.

«Мен келесі жылдан бастап еліміздің ауыл тұрғындарының қажеттіліктеріне бағытталған ұлттық жобаны іске асыруды бастау туралы шешім қабылдадым. Екі жыл ішінде бүгінде медициналық мекемелері жоқ 650 ауылда медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер салынып, толық жарақтандырылады. Осылайша, мемлекет миллионнан аса азаматтың алғашқы медициналық-санитарлық көмекке қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана жаңғыртылып, аудандаралық көп салалы мекемелер болып қайта құрылмақ. Оларда инсульт орталықтары, хирургия, реанимация және оңалту бөлімшелері пайда болады. Бұл төрт миллионнан аса азамат үшін медициналық қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, телемедицина дамытылады, ол шалғай аудандардың тұрғындарына білікті көмек көрсетуге жол ашады», делінген Президенттің қыркүйектегі Жолдауында.

Содан бері ілкімді іс шаралар дереу қолға алына бастады. Өйткені шалғай жатқан кейбір ауылдарда аурухана түгілі стационар да жоқ екені, дәрігер де тапшы екені ашық айтыла бастады. Берілген тапсырмадан бірден шешім шығарған Денсаулық сақтау министрлігі ендігі екі жылда емдеу орталықтары жоқ елді мекендерге медициналық бөлімшелер салынып, қажетті құралдармен толық қамтамасыз етілетінін, кейбір аймақтардағы жұмыс істеп тұрған ауруханаларды көпбейінді етіп жабдықтап, жаңа бөлімдер ашу арқылы қызмет сапасы артатынын мәлімдеді.

Расында, көп ауылдағы медициналық инфрақұрылымның тозығы жеткен. Тексеру нәтижесінде 200-ден аса тұрғылықты жерде медициналық көмек беретін мекеменің жоқтығы, 400-ге жуық объекті жалға алынғаны және кейбірі апатты ғимаратта шоғырланғаны анықталған. Десе де бір қуантатыны, жаңадан қабылданған ұлттық жоба жоспарында 32 аудандықаурухана жаңартылып, көпбейінді мекемелерге айналдыру ісі биыл жүзеге асырыла бастайды. Бұл ретте Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің төрағалығымен өткен кеңесте ауылдық елді мекендердегі медициналық объектілермен қамтамасыз ету мәселелері ашық талқыланды. Яғни «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2025 жылдар аралығында өңірлер мен шалғай ауылдарда салынатын 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандарының ішінде 253 медициналық пункт, 160 дәрігерлік амбулатория, 242 фельдшерлік-акушерлік пункт бар. Мәселен, Қарағанды облысында 92 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны, Абай облысында 65 нысан, Жетісу облысында 59 нысан, Ақмола және Алматы облыстарында 38 нысаннан салу жоспарланып отыр.

«Ауылдар мен шалғай аудандардың тұрғындары облыс орталықтары мен қалаларға барып, медициналық көмек алу үшін шақырымдап жол жүруге мәжбүр. Бұл жерде уақтылы медициналық көмек көрсету мәселесі жайына қалып отыр. Ауылдар мен шалғай аудандар тұрғындарының сапалы медициналық көмек алуын, оның ішінде «алтын сағат» ішінде көмек көрсетілуін қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы әзірленді. Жоспарланған 655 жаңа нысанның 20-сы медициналық нысаны мүлдем жоқ ауылдарда салынбақ. Осы уақытқа дейін медициналық нысандарға арналған арнайы ғимараттары болмаған ауылдарда және шалғай аудандарда тағы 208 медициналық нысан салынады. Қазірдің өзінде апатты жағдайда тұрған қолданыстағы нысандардың орнына 420-ға жуық нысан тұрғызылмақ», деді А.Көлгінов.

Енді ауыл-аймақпен қатар аудандағы ауруханалардың да ахуалы әжептәуір жақсара түседі. Яғни биыл инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылып, телемедицина бағытын дамыту жолға қойылып, шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетіле бастайды.

Жалпы Денсаулық сақтау министрлігінің берген мәліметіне сүйенсек, отандық медицина жұмысының биылғы жоспары мынадай: денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесіне нгізу; 2023-2025 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі жоспарды бекіту және іске асыру; халыққа жұқпалы емес аурулар бойынша кәсіби тексеру бағдарламаларын кеңейту; 2026 жылға дейінгі ана мен бала денсаулығын сақтау тұжырымдамасын бекіту және іске асыру; медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеру, оның ішінде дәрігерлерге 30%-ға (531 мың теңгеге дейін), орта медициналық персоналға 20%-ға (250 мың теңгеге дейін) дейін жалақысын арттыру; Астана және Алматы қалаларында 2 ғылыми-инновациялық көп салалы клиниканы пайдалануға беру; «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 309 МСАК объектісін пайдалануға беру (131 медициналық пункт, 99 ФАП, 79 дәрігерлік амбулатория); аудандаралық орталық аудандық ауруханаларды заманауи медициналық жабдықтармен жарақтандыру.

Иә, жетістіктер мен кемшіліктер әр кез қатар жүреді. Десе де заман талабына лайықты өмір сүру үшін ауылдықтарға ғана емес, жалпы жұртқа сапалы медициналық инфрақұрылым ауадай қажет. Ауыл-аймақты айтпағанда, кейбір қалалардың да медициналық ахуалы мәз емес. Сондықтан биыл Президент тапсырмасымен елімізде оң өзгерістер орын алады деп сенеміз. Мемлекет басшысы айтқандай, мұның бәрі ұлт саулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға бастайды.

***«Егемен Қазақстан» газетінен.***

# Мемлекет басшысы бірқатар Жарлыққа қол қойды

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір қатар Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Egemen.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты және оның Аппараты қызметінің мәселелері туралы» Жарлыққа, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

# Елімізде жол ережесін бұзғандарға салынатын айыппұл мөлшері артты



**2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруіне байланысты жол қозғалысы ережелерін бұзғандарға салынатын айыппұл мөлшері өсті, деп хабарлайды Egemen.kz .**

Ең төменгі есеп айырысу көрсеткіші биыл 3450 теңгені құрайды. АЕК мөлшерінің өзгеруіне байланысты Қазақстанда айыппұл мөлшері шамамен 13%-ға өседі. Зиянды шығарындылар немесе және жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұл 2 АЕК немесе 6900 теңгені құрайды.

Тұрақ ақысын төлемегені үшін айыппұл 10 350 теңге, дұрыс қоймағаны үшін 17 250 теңге, дұрыс емес жерге қойғаны үшін 34 500 теңгені құрайды.

Бұл ретте жылдамдықты 10-20 шақырымға асырғаны үшін айыппұл 17250 теңгені, жылдамдықты сағатына 20-40 шақырымға асырғаны үшін 34500 теңгені, белгіленген жылдамдықты сағатына 40 шақырымнан асырғаны үшін 69 000 теңге айыппұл салынады.

Көлік жүргізу құқығынан айырылған адамның көлік құралын басқарғаны үшін айыппұл мөлшері 172 500 теңгені құрайды.

Көлікте сақтандыру болмаған жағдайда 17 250 теңге, ал көлікті құжатсыз басқарғаны үшін 69 000 теңге айыппұл салынады.

Қоғамдық жерге түкіргені үшін қазақстандықтарды 17 250 теңге айыппұл күтіп тұр.

# ОРТАЛЫҚ АЛАҢДА «ЖАҢА ЖЫЛ, ЖАҢА БАҚЫТ, ЖАҢА ҚАДАМ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ

Шолаққорған ауылындағы, орталық алаңда «Жаңа жыл, жаңа бақыт, жаңа қадам» атты мерекелік кеш өтті. Аталған шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы сөз сөйлеп, аудан тұрғындарын жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

-Сіздерді санаулы сағаттардан соң төрімізге енгелі отырған жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Бүгін баршамыз орталық алаңның сәнін кіргізіп тұрған шыршаның жанына жиналып отырмыз. Тағы бір жыл тарих қойнауына еніп, жаңа 2023 жылға қадам басамыз. Өткен жыл ауданымыз үшін табысты жыл болды десекте болады. Елордамыз Астана қаласынан бастау алған еліміздегі бірегей жоба «Ұлы дала жорығы» атты республикалық марафон-бәйгесі өтті. Марафон-бәйгеде Түркістан облысының намысын созақтық шабандоздар қорғап, жүлделі ІІІ орыннан көрінуін мақтанышпен айта аламыз. Сондай-ақ, Шу, Қаратау ауылдық округтерінің құрылғанына 60 жыл және Ақколтық елді мекенінің құрылғанына 70 жыл толуына орай аталған ауылдық округтерде мерейтойлар аталып өтті. Бүгінгі таңда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың негізінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда белсенді жұмыстар атқарылды. Ауданымызда «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығы ашылды. Бүгінде аталған орталық ардагерлер мен мүгедектігі бар жандарға қызмет көрсетуде. «Атомшылар аллеясы» және «Street workout» алаңы, балалар ойын алаңшалары ашылды. Құрылыс және сәулет саласы бойынша іске асырылған 4 нысанның құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. Олар Жуантөбе ауылы мен Қаратау ауылының әкімшілік ғимараты, Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов көшесі бойынан әкімшілік (военкомат) ғимаратына қосымша жай құрылыстары. Күні кеше Ақколтық елді мекенінде 75 орынға арналған мәдениет үйінің құрылысын пайдалануға бердік. Мұнан бөлек Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жақын күндері пайдалануға беріледі. Сонымен қатар автомобиль жолдары бойынша жалпы аудан көлемінде 917 шақырым шақырымды құрайды. Оның 435 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар, 79 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар, 403 шықырымы елді мекендердің ішкі жолдары. Басқарма тарапынан облыстық маңызы бар жолдарға мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп, Ыбырайдан Қайнарға, Қайнардан Таукентке дейінгі аралықтарының жөндеу жұмыстары, Созақтан Қарағұрға, Құмкент-Шолаққорған-Ащысай автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары басталды. Келер жылы пайдалануға беру жоспарлануда. Әрине атқарылған жұмыстар барлығы халық игілігі үшін. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, алдағы жылға да көптеген жоспарларымыз бар. Біздің осы жетістіктерімізді алдағы жылда да еселене түсетініне кәміл сенемін. Оның бәрін мына сіздермен ақылдасып, саралап атқаратын боламыз. Мен әрқашан халықпен біргемін. Биылғы жылы аудандағы ауыл округтерде халықпен 40-қа жуық кездесулер өткіздім. Мұнан бөлек елді мекендерге де барып тұрамын. Кездесудегі мақсатымыз халық үніне құлақ асу. Халық тарапынан айтылған ұсыныс пікірлер ескерусіз қалмайды. Бұл жылы атқарылған жұмыстар ынтымағы мен бірлігі жарасқан ауданымыздың ерен еңбегінің жемісі деп білемiз. Жаңа жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, арман-үміттер ақталатын жыл болсын. Еліміз үшін берекелі болып, барша шаңыраққа шуақты шаттық әкелсін! Еліміздің бірлігі мен татулығы бұзылмай, көк байрағымыз биікте желбірей берсін,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.



Сөз соңында «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағы мен сала бойынша үздіктерді және грэплинг, панкратион және гір көтеру спорты бойынша жетістікке жеткен аудан спортшыларын марапаттады.

Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсан №150 шешіміне сәйкес «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағымен:

Әбжанов Түзелбек – зейнеткер, медицина саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Асқанбеков Созақбай Балабекұлы -зейнеткер, білім саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Бейсембеков Мадияр- зейнеткер, медицина саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Жаппарқұлұлы Рахманберді – зейнеткер, білім саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Тұрмаханов Мәлс Ашықбекұлы - зейнеткер,өнеркәсіп саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Қамбаров Шамшидин - зейнеткер, өнеркәсіп саласындағы елеулі еңбегі үшін табысталды.

Сондай-ақ «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағы

Аймұқанбетқызы Ұрхан - зейнеткер, білім саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Жұзбай Жанғали Әлімханұлы - мәдениет саласындағы елеулі еңбегі үшін,

Махашев Хамардин Қойшыбайұлы - Жоғары оқу орнында доцент. Білім саласында елеулі еңбегі үшін,

Мұратова Қалдыкүл Қамалқызы - зейнеткер, журналистика саласындағы елеулі еңбегі үшін марапатталды.

Үздік дәрігер номинациясымен:

Бексейт Еркебұлан Тұрдыұлы-Созақ ауданы аудандық орталық ауруханасының реанимация бөлімінің реаниматолог анестезиологы,

Үздік мәдениет саласының қызметкері номинациясымен:

Батырбеков Сабыр Дүйсебекұлы - Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры,



Үздік Бұқаралық Ақпарат Құралдары саласының қызметкері номинациясымен:

Шалданбаева Күлжазира Смаңқызы– Аудандық "Созақ үні" газетінің қызметкері,

Үздік жаттықтырушы номинациясымен:

Серікбаев Мұрат Тұрсынбайұлы-Созақ аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушысы,

Үздік ауыл шаруашылық қызметкері номинациясымен:

Байтен Садуахас Қаржаубайұлы-Созақ аудандық ветеринариялық мемлекеттік қызмет коммуналдық мекемесінің маманы,

Үздік білім саласының қызметкері номинациясымен:

Мейірманова Қарлығаш Өмірсерікқызы - Мәншүк Мәметова атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі,

Үздік балабақша тәрбиешісі номинациясымен:

Доспанова Айгерім Әбдіразаққызы-«Айшуақ» балабақшасының тәрбиешісі

Үздік әлеуметтік қызметкер номинациясымен:

Бабаева Фатима Айтматқызы- Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін, аудандық аумақтық орталықтың әлеуметтік қызметкері,

Үздік тазалық қызметкері номинациясымен:

Байдүйсенова Клара Орынбекқызы - Аудан әкімі аппаратының еден сыпырушысы,

Үздік өнеркәсіп саласының қызметкері номинациясымен:

Бекішов Құрманғали Әбиұлы-Геологиялық барлау экспедициясының№5 филиалының бас директоры,аудандық мәслихат депутаты

Үздік көше комитеті номинациясымен:

Айтжанов Аманбай

-Құрал Рүстемов көшесінің комитеті, жергілікті қауымдастықтың мүшесі,

Үздік жас номинациясымен:

Жарымбетов Болат Есейұлы

-Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығының» заңгері марапатталды.

Аудан әкімінің Алғыс хатымен:

Айдархан Келесбайұлы:

Эльмира Шымырбекқызы - Саналы ғұмырында 8 перзентті дүниеге әкелген алтын құрсақты ана, асқар тау әке.

Аудан әкімінің «Алғыс хатымен» грэпплинг, панкратион және гір көтеру спорты бойынша жетістікке жеткен аудан спортшылыры марапатталды:

Ерғараев Қуандық - Грэпплингтен 66 кг салмақта Қазақстан Республикасының чемпионы

Ұласар Мұқаш - Грэпплингтен 84 кг салмақта Қазақстан Республикасының чемпионы

Мыңжасар Алпамысов -Грэпплингтен 84 кг салмақта Қазақстан Республикасының чемпионы

Оспанов Дәурен -Грэпплингтен 100 кг салмақта Қазақстан Республикасының чемпионы

Беркінбаев Жазылбек — Грэпплингтен +100 кг салмақта Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері

Тасқынов Нағашбек — Грэпплингтен 71 кг салмақта Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері

Сабыр Нұрсұлтан - Гір көтеруден Үндістан мемлекеті, Нью –Дели қаласында өткен әлем чемпионатында 63 кг салмақта әуесқойлар арасында Әлем чемпионы

Орынбасаров Қобыланды - Гір көтеруден Үндістан мемлекеті, Нью –Дели қаласында өткен әлем чемпионатында 73 кг салмақта ересектер арасында қола жүлдегер

Серікбаев Мұрат - Гір көтеруден Үндістан мемлекеті, Нью –Дели қаласында өткен әлем чемпионатында 73 кг салмақта ардагерлер арасында күміс жүлдегер,

Баби Орынбасар - Гір көтеруден қазақстан Республикасы кубогында 1-ші орын

Жаманқара Нұрдәулет-Жекпе-жектен ересектер арасында Қазақстан Республикасының қола жүлдегері,

Бейсенбі Қадір - Панкратион ММА –дан Қазақстан Республикасы чемпионатының қола жүлдегері,

Беков Иса - Панкратион ММА –дан Азия чемпионатының қола жүлдегері марапатталды.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов аудан халқын арнайы жаңа жыл мерекемен құттықтап, ыстық ықыласын білдірді.

Жаңа жылдық кеште «Мыңжылқы» мәдениет сарайы өнерпаздары театрландырылған көрініс қойып, әсем әнмен әрледі.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Шетелдік теологиялық оқу орындары не үшін қауіпті?

## Діни білім алу не үшін қажет?

Қазіргі қоғамда адамдар тек бір саланың ғана соңынан ерсе аса көп жетістіктерге қол жеткізбеуі мүмкін. Себебі, бүгінгі қоғам әралуан саладан хабары бар, бірнеше мамандықты игерген әмбебап адамдарға мұқтаж. Әрине, адам баласының барлығы да бірдей діндар бола алмауы мүмкін. Бірақ, діни сауатты болғаны абзал. Зайырлы қазақ қоғамында Тәуелсіздік алғалы талай білім ордалары құрылып, салалық мамандықтар көбейе түсті. Солардың бірі діни білім алу мәселесі.

Сауатты да зиялы адамдар білімнің діни және дүниелік деп екі тармаққа бөлінетінін біледі. Діни білім адам өмірінің мәнін түсіндіретін болса, дүниелік білім белгілі бір кәсіпке, қызметке мамандандырады. Адамдардың көбі осы екеуінің бірімен ғана қанағаттанып, екіншісіне өте немқұрайлылық танытатыны өкінішті. Шындығында, дүниелік оқумен діни білімді, ал діни оқу арқылы дүниелік білімді ала алмайсың. Сол себепті жастар жоғары деңгейдегі университетті бітіре тұрып рухани надан болып қалуы да мүмкін. Керісінше, діни білімді біршама дәрежеде игерген адам да белгілі бір дүниелік білімді меңгерімесе бүгінгі қоғамнан өзінің лайықты орнын таба алмайтыны да рас. Бұл дүниеде осынау екі білімнің алатын өз орындары бар және олар бірінің орындарын бірі алмастыра да, толтыра да алмайды. Екеуі де адамның толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін қажетті білімдер болып табылады. Сондықтан білімді діннің білімі, дүниенің білімі деп бір-біріне қарсы қою немесе бірін таңдап, біріне немқұрайлы қарау дұрыс емес.

Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін түрлі салардағы мамандар қажет. Білім беру үшін – мұғалім, денсаулық сақтау саласында – дәрігер, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде – полиция дегендей. Біз қоғамды бүтіндей діндар болуға емес, діни сауатты болуға үндегіміз келеді. Себебі, діни ағым өкілдері қоғамның барлық салаларын дендеп үлгерді. Ал, олармен біз кәсіби маманданған теологтармен қатар өз саласындағы діни сауатты адамдар арқылы да күрес жүргізуіміз қажет. Тым құрығанда діни сауатты ата-ана өз балаларына дұрыс бағытты сілтей алса, біз діни сауатты қоғам қалыптастыра аламыз. Діни білімді, негізгі іргетасты, дұрыс көзқарасты қоғамның әрбір мүшесі қалыптастыра алса бізде деструктивті діни ағымдарға бірыңғай иммунитет қалыптасады.

## Діни білім алуда ұлттық иммунитет керек па?

Бұл мәселенің өзекті болып отырған жөні бар. Тәуелсіздікке қол жеткізген тоқсаныншы жылдары сенім-наным бостандығы тар құрсаудан шығып, еркіндік берілген кезде жастардың алдыңғы легі діни білім аламыз деп Түркия мен араб елдеріне бел аса бастады. Бұған алғашында елдің қуанғаны да рас. Ол жерлерде жастардың қандай, кімнен білім алғандары жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында сезіле бастады. Бірі «сәләфи», «хизбутшы», бірі «сопы», енді бірі «таблиғшы», «құранит» болып шыға келді. Қазір енді олар бір елде, бір дінді оқыса да, бірнеше ағымның сойылын соғып жүр. Демек, діни білім алу мен діни танымның қалыптасуында ұлттық иммунитет қажет деген сөз.

Қазіргі таңда жастар дін десе өзге елдің киім кию үлгісі мен іс-әрекетін көз алдына елестетуде. Себебі, шетелдердің теологиялық оқу орындарында білім алған азаматтар сол елдің киім кию, тамақтану, сөйлеу әдебін де тасымалдауда. Ал, шындығында дінде киім, сыртқы көрініс секілді дүниелер маңызға ие емес. Өкінішке орай, оны осылай маңызды етіп, діннің құрамдас бөлігі ретінде көрсетуге тырысып жатқан топтар бар. Бүгін киімі мен дастархан мәдениетін өзгерткен адам ертең тарихы мен салт-дәстүріне тасадан тас лақтыруы да әбден мүмкін. Дін мен тіл, тарих пен мәдениет біздің ұлттық құндылықтарымыздың ұстыны. Оны өзгертуге, жоюға әсте болмайды. Сондықтан діни салаға бет бұрған азаматтар өз елінің тарихын, мәдениетін, тұрмыс-салтын жетік меңгергені, яғни ұлттық иммунитетті бойына сіңіргені абзал.

## Рұқсат етілген шетелдік теологиялық оқу орындары бар ма?

Мемлекет азаматтарымыздың діни білімді шетелдерден алуға түбегейлі қарсы емес. Алдымен осы мәселені түсініп алсақ. Екіншіден, дін саласындағы білімнің алғашқы іргетасын өз елімізде қалыптастырып, одан кейінгі магистратура, докторантура деңгейіндегі білімді шетелдік теологиялық оқу орындарынан алса дейміз. Ал, жалпы қазіргі таңда дін саласындағы мемлекеттік саясатты дұрыс жүзеге асыру барысында зерттелген, таңдалған бірнеше теологиялық оқу орындарын ұсына аламыз. Олар, Египет Араб Республикасы Каир қаласындағы – «Әл-Азхар» университеті, Түркия Республикасы, Стамбул қаласындағы – Стамбул университеті, Мармара университеті, Хасеки институты, Анкара қаласындағы – Анкара университеті, Кония қаласындағы – Селжук университеті, Малайзиядағы – Малайзия Халықаралық ислам университеті, Ресей Федерациясындағы – Мәскеу ислам университеті, Ресей Ислам институты және Өзбекстан Республикасындағы – Ташкент ислам университеті. Сонымен қатар, христиандық бағыттағы діни білім алушылар үшін де шетелдік теологиялық оқу орындарының тізімі қалыптастырылған. Атап айтқанда, Ресей Федерациясындағы – Мәскеу рухани академиясы, Санкт-Петербург рухани академиясы, Украина Республикасындағы – Киев рухани академиясы, Беларус Республикасындағы – Минск рухани академиясы және АҚШ, Канада, Сингапур секілді мемлекеттердегі діни-рухани, теологиялық оқу орындары ұсынылады. Аталған оқу орындарына қызығушылық білдірушілер толық мәліметтерді Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми сайтынан ала алады.

## Шетелдік теологиялық оқу орындары не үшін қауіпті?

Облыс көлемінде тұрғындар мен жастар арасында діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы ақпараттық түсіндіру жұмыстары барысында көптеп қойылатын сұрақтардың бірі десемде болады.

Өйткені қазіргі ақпарат заманында ғаламтор беттерінде діни материалдар көптеп шығуда. Жөн-жосықсыз білгіштер діннен сөз қозғауда. Өздерін шейх-ғалым ретінде таныстырып көптеген жастардың санасын улап жатқаны тағы бар. Сондықтан, аталған сұрақтың қойылуы мен сол төңіректе сөз қозғалу заңды деп білемін.

Ал енді сол «діндар» азаматтардың кейбіреулері аяғын тәй-тәй басып, экономикалық іргетасын қалап, ата-салты мен әдет-ғұрпын жаңғыртып келе жатқан мемлекетімізді даму даңғылынан тайдырғысы келеді. Неге? Неліктен? Өйткені олардың басым бөлігі, ислам дінінің қайнар көзінен білім алдық деген оймен, мәзхаб мәселесін ұмытып, ислам ойшылдары мен ұлық имамдарды адасқан деген ұстанымдағы мектептердің өкілдерінен білім алған.

Сонымен қатар, шетелдердегі діни-саяси ахуал да үнемі тұрақты бола бермейді. Соның ішінде араб мемлекеттері мен Азияның кейбір және Таяу Шығыс елдерінде жағдай мезгіл сайын тез өзгеріске түсіп отырады және көп жағдайда діни фактор басымдыққа ие. Өкінішке қарай, кейбір мемлекеттерде, атап айтқанда, Таяу Шығыс елдерінде соңғы жылдардағы әртүрлі діни ағымдардың белсенділігінің артуымен, дінаралық қақтығыстардың белең алуымен және экстремистік, сондай-ақ, террористік ұйымдардың ашық наразылыққа шығуымен қоғамдық-саяси және діни ахуал күрт күрделеніп кетті. Бұған қоса, қазіргі күнде әртүрлі жалған және деструктивті ұйымдардың қызметі ашық жүргізіліп, олар басқа елдерден білім алу мақсатымен келген шетел азаматтары арқылы өз қатарларын толықтыруды көздейді.

Ең бірінші білім алуға барған елде немесе оқу ордасында жат діннің ықпалына түсу қаупі. Әдетте, адам мұндай келеңсіздіктерге аты беймәлім ұйымдар, бауырластық, достық атын жамылған түрлі діни қауымдастықтар мен хұжыралардың тарапынан қаржылай көмек алатын түрлі шет тілдерін үйрету орталықтарына қатысу, мемлекет бақылауынан тыс ғибадат ету орындарын аралау, сенімсіз дін лидерлерінің жеке сабақтары мен дәрістерін тыңдау кезінде тап болуы мүмкін.

Балаңыз шетелде діни білім алатын болса, онда ата-ана баласының қандай діни мекемеде немесе діни орталықта оқып жатқанын білуі керек. Мүмкіндігінше жиі бақылауда ұстап, баланың ресми медреселер мен жоғары оқу орындары қабырғасында оқып жатқанын анықтағаны жөн. Сондай-ақ, сенімсіз «хұжыралар» мен «марказаларға» байқамай түсіп кетпеуін де жіті қадағалап отырғаны абзал. Және балаларының бос уақытын қалай және кіммен өткізетіні аса маңызды. Ата-аналар мен жастар шетелдің кейбір діни ұйымдары аттарын әртүрлі зайырлы немесе ресми аталармен жасыратынын білулері керек. Мысалға, ағылшын немесе араб тілдерін, бизнес жүргізу негіздерін тегін үйрету курстары, өзін өзі дамыту, танымал психология, шешендік өнер курстарының артында шетелдік азаматтарды арбаумен айналысатын деструктивті ұйымдар тұруы мүмкін. Барлық аталған факторлар деструктивті, соның ішінде діни идеялар мен көзқарастардың елімізге енуі мен таралу қаупін тудыратынын естен шығармаған жөн. Олар діндарларымыздың арасында ой мен көзқарас қақтығыстарының, қоғамымыздың азаматтық, әлеуметтік-экономикалық және моральдық-этикалық өмір сүру аяларында теріс қоғамдық көзқарастың туындап, дамуына әсер етуі ықтимал.

## Еліміздегі теологиялық білім берудің әлеуеті қандай?

Егер жастар діни білім аламын және сол салада еліміз үшін қызмет қыламын десе, діни білімді отандық діни оқу орындарында алған маңызды. Ата-аналар мен студенттер сапалы діни білім алу үшін Қазақстанның да мүмкіндіктері жоғары екенін білулері керек. Алғаш құрылған 2000 жылдан қазіргі кезге дейін «Нұр Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университеті елдің белді діни оқу ордасына айналып үлгерді. Бүгінде аталған білім ошағы қазіргі күннің талаптарына жауап беретін жоғары білімді әрі білікті дінтанушы, исламтанушы мамандарын даярлаумен айналысады. Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Теология» факультеті ашылып, онда теология және дінтану саласында сапалы мамандар даярлануда.

Сонымен қатар, зайырлы білім берудің бөлігі ретінде еліміздегі жоғары оқу орнында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ дінтанушы мамандар әзірлеуде.

Діни білімге қызығушылық танытқан талапкерлер үшін айтарымыз отандық діни оқу орындарында алған маңызды. Ата-аналар мен студенттер сапалы діни білім алу үшін Қазақстанның да мүмкіндіктері жоғары екенін білулері керек. Бүгінгі күні Қазақстанда бір ислам университеті мен 9 медресе-колледж, бұдан өзге православие мен католиктік діни семинариялар жұмыс істейді.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғамда жастардың діни білім алуға деген ынта мен жігері қуантады. Жастарымыз елді дамыту жолында діни әрі дүнияуи ілімдермен сусындаса тіптен жақсы. Түйіп айтқанда, болашағын дінтану мен теологиялық ілімдерді зерттеуге арнаған қазіргі жастарға өз Отанында кәсіби білім алудың барлық мүмкіндіктері жасалған. Бүгінде мемлекет пен отандық оқу орындарының тарапынан шетелдің діни оқу орындарынан Отанға қайтып оралған қазақстандық студенттердің діни білімдерін жалғастыруын қамтамасыз ету үшін бірлескен шаралар қолға алынып отыр. Осы орайда, біз ата-аналардан тағы да балаларының шетелдің қандай діни орталықтарында білім алып жатқанын қадағалауды өтініп сұрар едік. Себебі, мұның жастар мен тұтас Қазақстан қоғамының рухани қауіпсіздігіне ықпал ететін мәселе екенін атап көрсеткім келеді.

***Медет ХАЛЫҚОВ,***
***Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ директорының орынбасары.***

# Бір құрметке ие болған қос азамат

Әр жылы мамыр айы келгенде сансыз шәкірт жүректер толқып, сағым болып бұлдырап алыста қалған балалық бал дәуренге деген алапат сағыныштан өрекпиді.Мектеп бітірген түлектер сан тарау соқпаққа түсіп, өмірден өз орнын тапқан, тіршілік ағынымен әр салада еңбек етіп арада жылдар өте сағынышпен жүздеседі. Өмірдің ащысы мен тұщысын, қайғысы мен қуанышын бастан кешіріп, көшке ілескен сол азаматтар жылдар өте бір-бірімен кездескенде қандай толқулы күйде болады екен?

Балалық еркеліктерге төзіп, шәкірттер санасына білім нәрі мен жақсылық дәнін сеуіп, адамгершілік қасиеттерге, тек қана ізгілікке баулыған ұстаздарды қалай ұмытпақсың?!! Балалық бал дәуреңдердің қамқоршысы болып, талай ұл-қыздарды алтын ұя қабырғасынан қимастықпен қанаттандырған, бір шаңырақтың астында ерлі-зайыпты ретінде ғұмыр кешкен бабаталық ұстаздар Ахметбек аға мен Бибісара апаны ерекше атар едім. «Ұрпақ тәрбиесі-болашағымыздаНың Құрметті азаматы. Ақаш ағамыз аудандық газетке жиі тұщымды мақалалар жазып жүретін. Әр мақаласынан өзіндік жазу ерекшелігі, тіл шеберлігі, кейіпкерді сөйлете білу қабілеті ерекше болатын. Біз бүгінгі мақалада Ақаш ағамыздың тағы бір көп айтылмай, көп ашылмай жүрген қыры- қолына қалам ұстап, мақала жазу шеберлігін сөз етуді ниет етіп отырмыз. Мысалы замандасы Сағынтай Мұсабеков туралы былайша толғайды: «Қазақтың маңдай алды білгір де білімді, бір ғасырда бір туар ірі тарихшысы академик Ермұхан Бекмахановтың айтуынша жиһангер Шыңғыс хан да, Ұлы хан Абылай да бір сөзін екінші рет қайталамайтын, сөйлегенде сөзінің аяғын мақалдап, мәтелдеп, өлеңдетіп төгіп-төгіп жіберетін шешен, ділмар, дана адамдар болған екен. Жалпы қазақта небір қиюы қашқан, қиыстыруға келмейтін түйіні шешілмейтін қиын істерді бір ауыз сөзбен шешетін небір ділмар дүлдүлдер өткенін білеміз. Қазақ бір ауыз әділ сөзге тоқтаған. Оған тарих



«Құрмет белгісі» орденді Бибісара Еспаева да, ұлым мен келінім де жаман азамат атанған жоқ. Сол себепті көрер көзің, естір құлағың, айтар тілің бар да рухани дүниеңнің есігін жаппа!-деп көзі тірісінде жас ұрпаққа аталық сөзін арнаған еді.Ал ауызға келсек, оған әркез шайнауға азық табылар, алайда ол азық рухани азықтан қасиетті емес. Аудандық газетте «Замандас келбеті» айдарымен «Ар мен намысты берік ұстанған азамат»атты мақаласы жарияланды. Мақала өте тұщымды, әрі шынайы жазылғанын байқаған едік. «Мен, тәлімімді беріп, тәрбиелеп, оқытқан шәкірттерімді жақсы көремін. Қайсы біреулерін бойыма жақын тұтамын. Олардың алды зейнеткерлікке шығып жатса да баяғы балаң күндеріндей «ағай-ағай!» деп жолымнан кесе көлденең өтпейді. Осындай ыстық көретін шәкірттерім туралы естелік жазуға бел буып алдыма ақ қағаз, қолыма қалам алдым. Менің ұзақ ұстаздық өмірімде ерекше жақын көретінім- шәкірттерім. Олардың жүзінде ақыл мен зерделік дың алтын қазығы» деген қағиданы бойтұмар еткен қос ұстаз бұл күндері арамызда жоқ. Біздің бүгінгі мақаламыздың кейіпкерлері, ардагер ұстаздар Ақаш аға мен Бибісара апайымыз көздері тірі болғанда жарқыраған алтындай 85 жасын мерекелеп отырар еді. Ахметбек Сопбеков. Бабата ауылының түлегі, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетінің түлегі, Созақ ауданындағы Ленин атындағы орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, М.Мәметова атындағы орта мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директоры қызметтерін абыройлы атқарған білікті де білімді азамат.Сопбеков Ахметбек осы көп жылдық еңбегінің арқасында «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И.Лениннің туылғанынан 100 жыл», «Халық ағарту ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» медалдарының және облыстық мәслихаттың «Құрмет грамотасының», КСРО және Қазақстан Республикасы білім министрлігінің Құрмет грамотасының, ҚРПарламентінің Алғыс хат иегері. «Жыл директоры» атаулымының иегері. Бірнеше рет аудандық, облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ауылдық және аудандық кеңеске депутат болған. Созақ ауданының Құрметті азаматы. Ал жұбайы Есбаева Бибісара апайымыз болса 1941 жылы Ащысай кентінде дүниеге келген. Педагог. 1958 жылы М.Горький атындағы орта мектепті алтын белгімен бітіріп, Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің физика – математика факультетін 1963 жылы үздік бітірген.

1963- 1964 оқу жылында Ащысай поселкесінде М.Горький атындағы орта мектебінде, 1964 жылдан Бабата ауылындағы М.Мәметова атындағы орта мектебінде математика пәнінен 32 жыл сабақ берді. Ол ерен еңбегі үшін Бүкілодақтық мұғалімдердің 3-сьезіне және Қазақстан компартиясының XY сьезіне делегат болып сайланды. «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Қазақстан Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағы, «Құрмет белгісі», «Октябрь Революциясы» ордендерімен марапатталды. «Аға мұғалім» атағының, «Еңбек ардагері», төсбелгісінің, КСРО, Қазақстан Оқу министрлігінің «Құрмет» грамотасының иегері. Есімі «Құрмет» кітабында жазылды. «КСРО халық ағарту үздігі», Облыс мұғалімдерінің Y-YI сьездерінің делегаты. 1990 жылы Республикалық бастауыш партия ұйымының хатшыларының кеңесіне қатысып, Президент қабылдауында болды.2001 жылы екінші рет Елбасының құрметті қабылдауында болды. Облыстық, аудандық кеңестерінің депутаты. 1992 жылдан дербес зейнеткер. Созақ ауқуә. Қасиетті кәрі Созақ даласында да небір көмейлері бүлкілдеп, ауыздарынан ақмаржан сөздер төгілетін дана дүлдүл, ділмарлар өтті. Созақ елінде қазыналы қарт Қаратаудың етегіндегі Жартытөбе ауылында кешегі өткен данагөй дүлдүл шешендердің алтынның сынығындай болып, сарқыты болмаса да, жұрнағындай болып, арамызда Сағынтайлар жүр, күнде болмаса да аптасына сағынысып көрісетін Сағынтай Мұсабекті айтамын. Осы бір қазыналы Қаратаудың өр біткен жотасындай денесін шалқая ұстайтын, аяғын талтаңқырап, еріне паңдана басатын, аяғының астында жер қозғалып жатса да саспайтын, жүрісінен еш танбайтын, таза киініп, таза жүретін, киген киімі өзіне жараса кететін, сұлу жүзді аққұба жігіт, жігіт ағасынан асып, қазыналы қабырғалы қарияға айнала бастаған маңғаз Сәкенді, «Созақтың қариясы қайсы?» десе, мақтанышпен көрсетсең ұялмайсың. Қайта кеудеңе мақтаныш сезімі оянатынына кәміл сенімдімін. Мен Сәкенді ұзақ жылдардан бері жақсы білемін. Білген сайын тереңдей түседі. Терең білімді Сәкеңнің бұл білімдарлығы мен ділмарлығының түбірі тым тереңде жатыр. «Әл-Фараби», Артистотельдің «физикасын» қырық рет «Риторикасын» екі жүз рет «Жан туралы» атты кітабын жүз рет оқыған екен.Мен де Сәкеңнің кітап оқыған кезіндегі төзімділігіне қашан да негіздей, көкірегіне ұялатып жаттап алғанша бірнеше рет қайталай оқитынына куәгермін. Бұл төзімділік пен білімдарлықтың бастау алар қайнар бұлағы» деген жолдарды да жазған осы Ахаң болатын.

Ахметбек ағай аудандық газеттің жанашыры ретінде «Рухани дүниенің есігін жаппаңдар!» деген тақырыппен өзекті мәселені толғата көлемді материалын ұсынған еді. Онда Ахметбек ағай: -«Бүгінде басылым деп айтып жүрген газетіміз шынында елдің ішіндегі халықтың мұң-мұқтажын, талап тілегін, ұсыныс-пікірлерін еститін, тыңдайтын, көретін сиқырлы айна. Қараша халық газет арқылы өзін, өзегені, қоғамды көреді. Ақ пен қараны ажыратады, болашаққа болжам жасап, келешекке кең ғыммен қарайтын болады. Соңғы уақытта арагідік газет-журналға жазылу мәселесінде теріс пікірлер, әртүрлі зандардан қиынды құрастырып, ел ішіне іріткі, қисық сөзінсыз ғымдар таратып жүргендердің істері туралы ұзынқұлақтан естіп қаламыз. Газет-журнал ең бірінші ақпарат көзі. Ақпарат көзі Үкіметтен, биліктен төмен қарай халық игілігі үшін, Болашақ мұратмақсаты үшін тарайды. Ұлттық идеологияның алтын арқауы осы газет. Мен мемлекеттік газеттерді айтып отырмын. Президент Жолдауларынан бастап, Үкіметтің қаулы-қарарлары, шешімдері, мемлекеттік бағдарламалар, әлеуметтік топтарға қажетті заңдар мен ережелер республикалық басылымнан бастап, облыстық, аудандық басылымдарға сатылап жарияланып отырады. Президенттің саликалы саясатын, жаңалықтар мен өзгерістерді Қазақстан Республикасының азаматымын дейтін кез-келген азамат қолдауы тиіс. Жоқ, әлде мұғалімдер немесе олардың «құқығын қорғағысы келетін» көлденең көк аттылар бүйректен сирақ шығарып елдің ынтымағына кері жұмыс жасауына көз жұмып қарап отырамыз ба? Бұл ұлттық идеологияға деген кері соққы деп білемін. Мұғалім газет-журналға жазылмаса, оның құқығы екен деп қоғамнан, өзі өмір сүріп отырған ортадан алыстатып Ахмет бабамыз айтқандай кереңе, соқыр, мылқау еткеніміз дұрыс болғаны ма? Жоқ. Оған келісе салуға болмайды. Әлгі «ұстаздар мәртебесін қолдайтындар» шын мәнінде жандары ашитын болса, керісінше ұстаздар қауымына мемлекет тарапынан мемлекеттік газет-журналдарға жаппай жазылу жайын, жолын қарастырғаны дұрыс болар еді. Мен 40 жылдан астам уақыт мұғалім болып қызмет атқарған адаммын. Жыл сайын бұрын «Правдадан» бастап, «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі», «Оңтүстік Қазақстан» аудандық газет, бас-аяғы он-он бес газетке жазылатынмын. Ол уақытта мектеп қабырғасындағы белсенді, үздік оқушылар бізге қарап бой түзеп, «Қазақстан пионері» газеті, «Балдырған» журналдарына жазылатын. Сол балалар қазір елдің ардақты азаматтарына айналды. Сондықтан түймедейді түйедей етпей, елдің ертеңін, болашағын ойлауымыз керек. Өзімізден кейінгі ұрпақты соқыр, кереңе, мылқау ұрпаққа айналдырмайық десек ұстаздарымыз газет-журналдарға жазылсын. Кез-келген есті, саликалы, білімді, білікті азамат таңертеңгі жұмыс күнін бастардан бұрын газет-журналдарға шолу жасап, керекті кей тұстарын белгілеп, астын сызып қызметкер болса әріптестеріне, басшы болса қарамағында істейтін қызметкерлеріне, ұстаз болса оқушыларына елдегі, әлемдегі ақпараттардан 2-3 минуттық хабарлама жасап өзінің де, оқушылардың да ойы мен бойын сергітіп алса, ұстаздың ұстаз, басшының басшы екені содан білінбей ме!

Айналайын, кейінгі ұрпақ, жастарға айтарым мен көпті көрген қарт ұстазбын. Әлі күнге дейін өзімнің көшемді аралап, газет-журнал таратушы пошта қызметкерін асыға күтемін. Жасым сексенге келді. Әр күнім газеттер бетінен парақтау басты әдетім. Бұл әдеттен ұстаз атанған мен де, жұбайым ҚР Білім беру ісінің үздігі, басым. Әр сөзін ойланып сөйлейтін, мәнді сөздің керегін өзіне алып, керексіз мәнсіз сөздерді бойына тарат- пайтын азаматтар.

Иә, әрбір өмір жолы бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге болған осындай шәкіртіммен мақтанамын. Оқушыларымның атына заты сай болып, біз сияқты алдыңғы толқын, ауданның Құрметті азаматы атанып жүрген ағаларының орнын басып, елдің ауызбіршілігі мен ынтымағына толассыз қызмет жасайтын ел ағасы атанар азаматтар, ақылман ардагерлер болатынына сенімім мол»-деп жазыпты ардагер ұстаз көзі тірісінде. Ал енді «Пәрдебек туралы үзік ой» атты деректі мақаласында «Осы тұнғиық көк шулан теңіздей иірімі терең, қалың қазыналы, қатпарлы жігіт ағасы болған, қазір құрметті зейнеткерлікке шыққан. Қайсар. Тұлғалы азамат туралы ой қозғау мен үшін азапты да аса қиын болды. Одан да айсыз қараңғы түнде жол тауып, жүру оңай болар. Жүрек түкпірінде бір сезім лүпіл қағып, қалай да жаз, жазсаң жеңілдеңін қаласың денең сергиді деп тыным берер емес. Пәрдебек табиғатынан өз қатарластарына қарағанда ерекше, ерекшілігі сол рухани бұғауланбаған, ой-өрісі тұмшаланбаған азамат. Ол адам өзіне аса қажет жақын болса, айтар ойың анық, сөзің, тілегің шын жүрегіңнен жан сарайыңнан жарып шықса ғана шынайы болмақ. Өтірік сөз оның да елдің де жүрегіне жақпайды. Арна болмаса су ақпайды. Тағы бір қиыншылығы, басты қиыншылығы Пәрдебекті жазу төселген жазушының да, қолыңнан да келмейді-ау. Ол жазушының энциклопедиялық білімді болуымен өмірді Пәрдебектің көзқарасымен қарау керек. Елін, жерін, халқын Пәрдебекше сүйе білу керек. Менің сырттай зерделеп көзім жеткені ол білімдарлығымен қоса ақын да, жазушы да іспетті. Оны өзінен де жасырады. Көк жусан жауынсыз жылдары тұқымын жасырып, кезі келгенде бүр жарады. Қазір жасырып ұстағанымен бүр жарар мезгілі тағы келер. Алтын қанжар қап түбінде жатпас. Менікі тек ғана дана балаларымыздан ғасырлар бойы келе жатқан ізгі сөзі, ізгі-ой, ізгі әрекеті ғана» деген бір ауыз сөзден көп ой түюге болатын еді.Біз бүгін бір шаңырақтан шыққан қос бірдей Созақ ауданының азаматтары атанған Ахаң мен Бибісара апамызды зор құрметпен еске аламыз. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген осы шығар артында өшпес мұра, өлмес шәкірттер қалдырған қос ұстаздың екінші ғұмырлары жаннаттың төрінде шалқи берсін демекпін.

***Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***

# Созақ аудандық мәслихаты округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамы құрылатыны туралы ХАБАРЛАЙДЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10 – бабына сәйкес Созақ аудандық мәслихаты аудандық 14округтік сайлау комиссияларының жаңа құрамын құратыны туралы хабарлайды.

Округтік сайлау комиссияларының құрамы бес мүшеден тұрады.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Егер саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер,олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2023 жылдың 2 қаңтарынан бастап 16 қаңтарына дейін, аудандық мәслихатқа мынадай құжаттарды тапсырады:

1)электрондық және қағаз форматта белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясына ұсынылған кандидатуралар туралы мәліметтерді;

2)тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының отырысы хаттамасынын үзінді көшірмесі;

3)саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының әділет органдарында тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі;

4)кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Өтініштің нысаны Созақ аудандық мәслихатының ресми сайтынан немесе аудандық мәслихат аппаратының №416 кабинетінен алуға болады.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті сайлау комиссия құрамын құратын маслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруы тиіс.

Сайлау комиссиясының құрамы жартысынан астамы бір үйым қызметкерлері болмауы тиіс, тек сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабы 3 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар (аға-қарындастар), ата-анасы бір және толық емес тума аға-інілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатта ұсынылған қағаз форматтағы барлық құжаттарға қол қойылған, мөрмен расталған болуы және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмері көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Барлық сайлау комиссияларының құрамы жөніндегі ұсыныстарды 2023 жылдың 2 - 16 қаңтары аралығында сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін қабылдайды, түскі үзіліс 13:00-ден 15:00-ге дейін.

Созақ аудандық мәслихаты

Байғараев Бегімбет Биімбетұлы- Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16

Жауапты: Уалиев Бағдат Болатбекұлы, кабинет №416 қалааралық телефон коды (872546), қызметтік тел. 4-20-26, ұялы тел. 8-702-551-88-20,электрондық почта maslihat_sozak@mail.ru

**Созақ аудандық мәслихаты Созақ аудандық 14 округтік сайлау комиссиясының мүшелерін сайлайды:**
**Округтік сайлау комиссиясы - 14**

| қ/с | Округтік сайлау комиссиясының атауы | Мекен- жайы | Комиссия мүшелерінің саны |
|---|---|---|---|
| 1 | №1 Молдағұлова сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Ә.Молдағұлова көшесі, №59 ғимараты, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының “Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №689 Қарабұлақ, №690 Жеткеншек, №692 Молдағұлова сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 2 | №2 Теріскей сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы 2 көшесі, №72 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №691 Теріскей сайлау учаскесінің аумағы. | 5 |
| 3 | №3 Шолаққорған сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Абылай хан көшесі, №3 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №693 Шолаққорған, №687 Абай, сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 4 | №4 Мыңжылқы сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5 ғимараты, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің “Мыңжылқы” мәдениет сарайы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. Шекарасы: №694 Мыңжылқы сайлау учаскесінің аумағы. | 5 |
| 5 | №5 Наурыз сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, С.Тоқпанбетов көшесі, №1А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Нәзір Төреқұлов атындағы IT-мектеп-лицейі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №892 Наурыз, №723 Жыныс сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 6 | №6 Жартытөбе сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекені, С.Сейфуллин көшесі, №72 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №688 Балдысу, №695 Жартытөбе, №696 Аққолтық, №697 Бабата сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 7 | №7 Құмкент сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, К.Берденұлы көшесі, нөмірсіз ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Сәтпаев атындағы мектеп гимназиясы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №698 Құмкент, №699 Қызылкөл, №700 Қызылқанат, №724 Жыныс-1 сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 8 | №8 Сызған сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені, Мектеп көшесі, №9А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №701 Қозмолдақ, №702 Сызған, №703 Қайнар сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 9 | №9 Созақ сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, С.Матенбаев көшесі, №31А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №704 Созақ, №708 Тарса, №707 Ынтымақ сайлау учаскелерінің аумағы | 5 |
| 10 | №10 Науайы сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, Қ.Тоқмұхамедов көшесі, №3А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Науайы атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №705 Науайы, №706 Көктөбе сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 11 | №11 Қарақұр сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр елді мекені, Үсенбай көшесі, №27 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қарақұр жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №709 Қарақұр, №710 Раң, №711 Шаға, №712 Бақырлы, №714 Саржаз сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 12 | №12 Жуантөбе сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Б.Достайұлы көшесі, №35 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №715 Жуантөбе, №716 Қоңыратарық, №717 Тасты, №718 Қылти, №719 Шу сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 13 | №13 Қыземшек сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, 2-шағын ауданы, №1А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №720 Қыземшек, №721 Тайқоңыр, №713 Ақсүмбе сайлау учаскелерінің аумағы. | 5 |
| 14 | №14 Таукент сайлау округі | Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, 1 ықшам ауданы, №52 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №722 Таукент сайлау учаскесінің аумағы. | 5 |

***Созақ аудандық мәслихаты.***

# СООБЩЕНИЕ Маслихата Созакского района о формировании нового состава окружные избирательные комиссии

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихатСозакского района сообщает о формировании нового состава 14окружных избирательных комиссии.

Окружные избирательные комиссии образуются в составе пяти членов.

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательнойкомиссии.Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий вмаслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии со 2января 2023 года до 16 января 2023 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата или можно получить в кабинете №416 аппарата районного маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 2 по 16 января 2023 года с 09:00 до 19:00 часов, перерыв с 13:00 до 15:00 часов.

Созакского районного маслихата

Байғараев Бегімбет Биімбетұлы председатель Созакского районного маслихата.

Местонахождение маслихата: Созакский район, село Шолаккорган, ул. Жибек жолы №16.

Ответственное лицо –Уалиев Багдат Болатбекович, кабинет №416 междугородний телефонный код (872546), служебный тел. 4-20-26, мобильный телефон 8-702-551-88-20, адрес электронной почтыmaslihat_sozak@mail.ru

**Созакский районный маслихат избирает 14 членов Созакской районной окружные избирательной комиссии:**
**Окружные избирательные комиссии -14**

| № | Наименование окружные избирательного комиссии | Местонахождение | Количество членов комиссии |
|---|---|---|---|
| 1 | Избирательный округ №1 Молдагуловой | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица А.Молдагулова, здание №59, коммунальное государственное учреждение “Созакская районная детско-юношеская спортивная школа №1” управления физической культуры и спорта Туркестанской области. Граница:Территория избирательных участков №689 Карабулак, №690 Жеткеншек, №692 Молдагулова. | 5 |
| 2 | Избирательный округ №2Терискей | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица Жибекжолы 2, здание №72, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени А.Сулейменова” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательного участка №691 Терискей. | 5 |
| 3 | Избирательный округ №3 Шолаккорган | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица Абылай хана, здание №3 коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени А.Байтурсынова” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательного участка №693 Шолаккорган, №687 Абай. | 5 |
| 4 | Избирательный округ №4Мынжылкы | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица Жибекжолы, здание №5, государственное коммунальное казенное предприятие “Дворец культуры “Мынжылкы” отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта акимата Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №694 Мынжылкы. | 5 |
| 5 | Избирательный округ №5Наурыз | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица С.Токпанбетова, здание 1А, коммунальное государственное учреждение “IT-школа-лицей имени НазирТорекулов” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательного участка №892 Наурыз, №723 Жыныс. | 5 |
| 6 | Избирательный округ №6 Жартытобе | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Жартытобе, населенный пункт Жартытобе, улица С.Сейфуллина, здание №72, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени К.Кемелулы” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:территория избирательный участка №688 Балдысу, №695 Жартытобе, №696 Акколтык, №697 Бабата. | 5 |
| 7 | Избирательный округ №7 Кумкент | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Кумкент, населенный пункт Кумкент, улица К.Берденулы, здание без номера, коммунальное государственное учреждение “Школьная гимназия имени К.Сатпаева” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №698 Кумкент, №699 Кызылкол, №700 Кызылканат, №724 Жыныс-1. | 5 |
| 8 | Избирательный округ №8 Сызган | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Сызган, населенный пункт Сызган, улица Мектеп, здание №9А, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени К.Рустемова” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №701 Козмолдак, №702 Сызган, №703 Кайнар. | 5 |
| 9 | Избирательный округ №9 Созак | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Созак, населенный пункт Созак, улица С.Матенбаева, здание №31А, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа-гимназия “Созак” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №704 Созак, №708 Тарса, №707 Ынтымак. | 5 |
| 10 | Избирательный округ №10Навой | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Созак, населенный пункт Созак, улица К.Токмухамедова, здание №3А, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени Навой” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №705 Навой, №706 Коктобе. | 5 |
| 11 | Избирательный округ №11Каракур | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Каракур, населенный пункт Каракур, улица Усенбая, здание №27, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа Каракур” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка№709Каракур, №710Раң, №711Шага, №712Бакырлы, №714Саржаз. | 5 |
| 12 | Избирательный округ №12Жуантобе | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Жуантобе, населенный пункт Жуантобе, улица Б.Достайулы, здание №35, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени С.Сейфуллина” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №715 Жуантобе, №716Коныратарык, №717Тасты, №718Кылти, №719 Шу. | 5 |
| 13 | Избирательный округ №13Кыземшек | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, поселок Кыземшек, 2-микрорайон, здание №1А, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени Л.Бокенова” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:территория избирательный участка№720Кыземшек, №721Тайконыр, №713 Аксумбе. | 5 |
| 14 | Избирательный округ №14Таукент | Место расположения: Туркестанская область, Созакский район, поселок Таукент, 1 микрорайона, здание №52, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени И.Кенесбаева” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №722 Таукент. | 5 |

***Созакский районный маслихат.***

# Мүліктің меншік иелері бірлестігін тіркеу тәртібі

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, 2020 жылдан бастап, көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігі (бұдан әрі –мүліктің меншік иелері бірлестігі) – коммерциялық емес ұйым болып табылатын, бір көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері құрған, кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыратын, оны күтіп-ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды тұлға болып табылады.

Кондоминиум объектісін басқару, оны күтіп-ұстауды қаржыландыру және кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін бір көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері мүліктің меншік иелері бірлестігін құрады. Осы нысанда құрылған заңды тұлға «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен реттеледі.

Өзгертулерге сәйкес, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдауда және ауыстыруда ерікті болады.

Бір іргетаста орналасқан не үйге ортақ бірыңғай инженерлік жүйелері бар көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің үштен екісінен астамы келіскен кезде мүліктің меншік иелерінің бір бірлестігін құруға құқылы.

Мүліктің меншік иелері бірлестігі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың екі немесе одан да көп меншік иесінен тұрады және төрағасы жиналыста бір күнтізбелік жыл мерзімге сайланады. Оның барлық сотта, мемлекеттік органдармен ұйымда мүліктің меншік иелері бірлестігінің атынан сенімхатсыз өкілдік етуге құқығы бар.

Сонымен қатар, ол көппәтерлі тұрғын үйдің жобалау құжаттамасы (сметалық бөлімінсіз), атқарушы техникалық құжаттама, қосымшаларымен бірге объектіні пайдалануға қабылдау актісі, көппәтерлі тұрғын үйді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар және оның технологиялық жабдығының паспорты (түпнұсқалары), көппәтерлі тұрғын үйге қаржылық және техникалық құжаттама мен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және күтіп-ұстауға байланысты өзге де құжаттар көшірмелерінің, мөрдің (ол болған кезде), кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің құрамына кіретін үй-жайлар кілттерінің, кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің құрамына кіретін жабдыққа қол жеткізудің электрондық кодтарының және көппәтерлі тұрғын үйді пайдалану үшін қажетті өзге де техникалық құралдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тізімін қалыптастыруды және олармен кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау бойынша қызметтер көрсету туралы шарттар жасасуды, жиналыс пен үй кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды, жиналыс пен үй кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді жерлерде орналастыруды, екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы және жинақ шоттарын ашуды, сервистік қызмет субъектілерімен қызметтер көрсету туралы шарттар жасасуды және оларды орындауды, коммуналдық қызметтерді ұсынатын ұйымдармен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтерді көрсету және олардың ақысын төлеу жөнінде шарттар жасасуды, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған ақшаны енгізуін мониторингтеуді, үй кеңесіне кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі ай сайынғы және жылдық есептер ұсынуды, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты өзге де функцияларды орындауды жүзеге асырады.

Мүліктің меншік иелері бірлестігі мемлекеттік тіркелген кезінен бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлға құқықтарына ие болады.

Мүліктің меншік иелері бірлестігін мемлекеттік тіркеуді әділет органдары «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

Мүліктің меншік иелері бірлестігін мемлекеттік тіркеу үшін әділет органдарына Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш, жиналыс хаттамасы, мүліктің меншік иелері бірлестігінің жарғысы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын квитанция немесе өзге де құжат ұсынылады.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген және қызметін жүзеге асыратын үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтері, тұтыну кооперативтері көппәтерлі тұрғын үйді басқару жөніндегі қызметті 2023 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асыра алады. Тұрғын үй инспекциясы Заңмен белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда, үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтерін, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтерін, тұтыну кооперативтерін мәжбүрлеп тарату туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

***М.ХАЛИЛОВА,***
***Түркістан облысының Әділет департаментінің бас маманы.***

# Еліміздегі діни сауат ашу курстарының маңыздылығы

Әрбір мемлекеттің діни білім беру жүйесінің қалыптасуындағы басымдықтарды бірінші кезекте мемлекет құрушы ұлттың діни қатыстылығы айқындайтыны белгілі. Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері біз асыл дінімізді тереңірек танып білуге мүмкіндік алдық.

Тарихқа көз жүгіртсек, байырғы замандардан-ақ қазақтың небір ғұламалары әуелі сауатын медреселерде ашқан. Ұлы Абайдың да медреседен тәлім алғаны белгілі. Міне, осындай діни оқу ордасының берген білімінің тиянақтылығы, құнарлылығы арқасында ол адамдар қазақтың ірі-ірі тұлғаларына айналды.

Сол дара жолдың ізімен, қазір еліміздегі көптеген облыстық, аудандық, қалалық мешіттер жанынан көпшілікке арналған діни сауат ашу курстары ұйымдастырылған. Ислами білім берудің бастауыш деңгейі – діни сауат ашу курстары жетілдіру мақсатындағы бірқатар өзгерістерді қажет етеді. Өйткені діни сауат ашу курстары көпшілік арасындағы ислами ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде және кең көлемде жетілдіруге мүмкіндік беретін басты тетік болып табылады.

Жастардың діни сауаттылығын арттыру үшін маңызды қадамдар жасалуы керек. Және ислам дінін бір жақты қарамай, ілімге қаншалықты көңіл бөлумен қатар, сауатты болуға қаншалықты ынталандырады деген мәселені қарастыру да аса маңызды. Өйткені, жастардың арасында діни сауатсыздықтың салдарынан өзге ағымға кетіп жатқандары немесе исламдағы айтылған хадис мәтіндерінің мағынасын тікелей түсіну арқылы, сауатсыздыққа жол ашып жатқанын қазіргі қоғамымызда көрініс тауып отырған жағдайлар куә бола алады.

Жастардың діни сауаттылығын арттырудың негізгі мақсаты жастардың қиын сәттерде дербес, жан-жақты салмақталған шешім қабылдауына қажетті сыни тұрғыда ойлау машығын қалыптастыру болуы тиіс.Осы білімдерді қолдана отырып, әлемдік дәстүрлі діндер мен радикалды діни ұйымдарды ажырата алады. Алға қойылған мақсат жастар мен жасөспірімдердің діни сауаттылығын дамытуға: арбау әрекеттеріне қарсы тұру мен залалсыздандырудың жеке мінез-құлықтық алгоритмін қалыптастыруға, адамгершілік және этикалық құндылықтары бар, отаншылдық пен толеранттылықты қалыптастыратын әлемдік және дәстүрлі діндердің, деструктивті діндердің негіздерімен танысуға ықпал етеді.

Бәрімізге белгілі қазіргі келіп жатқан ислам ағымдары және басқа да дін ағымдары бар. Олардың көздеген мақсаттары өсіп, өніп келе жатқан еліміздің тыныштығын бұзу, арамызға іріткі салу. Мұндай ағымдарға қара домалақ қазақтарымыздың кіріп кетіп жатқаны да қаншама. Бұл ағымдардың жетегінде жүруіне екі негізгі себепті атап айтсақ болады.

Біріншіден, сауаттылық мәселесі. Яғни діни сауаттылықтың өте төмен болуы. Екіншіден, әлеуметтік жағдай. Материалдық жағынан дұрыс қамтылмаған кедей, мемлекеттен үмітін үзген отбасыларды материалдық жағынан қамтамасыз етеміз деп қызықтыру арқылы өздерінің қатарына қосып жатқандығын айтуға болады. Әрине, елдегі барлық адамды материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ елді діни сауатты етуге болады. Қазіргі діни рәсімдер жасалатын орындарға баратын болсақ, ол жердегілердің басым көпшілігі жастар. Дінге деген жастардың қызығушылығы күннен күнге артып келе жатыр. Енді сол жастарымызға дұрыс бағыттағы діни білім және тәрбие беретін ата-аналардың діни сауатылығының жоқтығы ащы да болса өмір шындығы. Сондықтан жастарымыздың діни сауатын ашу қазіргі кездің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мұндай білім жүйесінің мақсаты– дін туралы түсінікті дұрыс қалыптастыруға, шетін көзқарастардан сақ болуға, өзге діндер мен сенімдерге құрметпен қарауға, дәстүрлі рухани құндылықтарды қадірлеуге, «имандылық» ұғымын дұрыс түсінуге және бағалай білуге жетелеу. Сондықтан заман талабына сәйкес діни және дінтанулық білімнің өзара тиімді түрде игі мақсатқа қызмет етуінің жан-жақты мүмкіндіктерін жете қарастырған жөн.

***Б.КАШКИНБАЕВ,***
***«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.***

# Біздің ұран-жемқорлықтың алдын алу

Бүгінгі таңда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою өте маңызды. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең.

Бүгінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.Әрине, ең алдымен бүгінгі адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін, әр отбасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ тәрбиелеу-басты міндет. Болашақ ұрпағымызды адалдыққа үйретуіміз керек. Тәрбие тал бесіктен басталады деген қазақ, егер кішкентайнан баланың санасына адалдық, жауапкершілік, отаншылдық қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасады.

Қоғамда сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халықымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәрімізге Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы мандай термен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

***С.ТУРСМУХАМЕД,***
***ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маман- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.***

# Ұстазым менің, ұстазым!

Адам өміріндегі ең үлкен белес балалық шақ, оқушылық жылдар. Білімнің есігін иемене аттап, мектеп табалдырығына табан тіреген сәт ұмытылмайды.

Қасиетті шаңырақ Шымкент қаласындағы №12 мектеп-интернатқа 1965 жылы бардым. Бұл киелі мекен талай қазақ баласының бағын ашып, үлкен өмірге қанат қақтырған. Білім ұясы 1961 жылы ашылған. Бұл мектепке алғашында шалғайдағы малшылардың балалары қабылданып білім алды. Қарапайым шаруалардың ұл-қыздары осында білім нәрімен сусындады. Ата-аналары жырақта жүрген шәкірттер мұнда мұғалімдердің жылы алақанын, мейірімді ықыластарын қажет ететін еді. Білім ұясына келген күннен бастап біздер ерекше қамқорлықты, ұстаздарымыздың бізге деген нұрлы шапағатын сезіне бастадық. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп данышпан ақын Абай айтқандай, олар біздерге саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында ерінбей, жалықпай еңбек етті. Қазіргі кездегідей ол уақытта көрнекі құралдар да, қосымша кітаптар да мол емес еді. Тапшы болатын. Сонда да олар жанқиярлықпен еңбек етті. Бұл мектеп сол кездерде қазақ тілінде білім беретін санаулы мектептердің бірі болатын.

Мектептің алғашқы басшысы ұлағатты ұстаз, Социалистік Еңбек Ері Маржан Тасова еді. Маржан апайдың ұстаздық шеберлігіне тәнті болатынбыз. Ол кісі барлық балаға өзінің балаларындай қарайтын. Жүрегі мейірімге, жылы сезімге толып тұратын. Нұрлы жүзінен әрдайым шуақ төгіліп, шәкірттерін ылғи да аналық мейірімімен аялайтын.

Кезінде ән падишасы Шәмші Қалдаяқов апайдың ұстаздық шеберлігіне тәнті болып, «Маржан апай» деген ән шығарған. Бүгінгі күнге дейін ән сүйер қауым бұл әнді ерекше ықыласпен тыңдайды.

Қазіргі кезде аталған білім ұясы ұлағатты Маржан Тасованың есімімен аталады. Білім ұясына жиі ат басын бұрып тұрамын. Апайымның нұрлы жүзін сағынғанда осы мектепте ол кісіге арналып ашылған мұражайды аралап, апайыммен іштей тілдесемін. Ол кісінің қолының табы қалған заттарды көріп сағынышымды басамын. Маржан апай біздерге анамыздай қамқорлық жасайтын. Бала кезіміздегі сол бір оқиға әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сол кезде төртінші сыныпта оқимын-ау деймін ұмытпасам. Қыстың күні болатын. Қысқы каникулдың кезі. Әкем ауылдан келіп алып кету керек еді. Бірақ қатты боран болып әкем Одаманның асуынан аса алмай, келе алмай қалды. Интернатта жалғыз өзім қалып қойдым. Сол кезде апай обход жасап жүрген ғой. Менің бір өзімнің қалғанымды көрген ол өзімен бірге үйіне алып кетті. Интернатта тәрбиеші бар. Тамақ та жеткілікті. Жатар орын да тұр. Тәрбиешінің қасына тастамай мені өзімен бірге алып жүрді. Сондағысы мені жалғызсырамасын деген екен ғой. Сонымен үйіне ертіп барып, анамдай аялап, балаларымен бірге үйіне қондырды. Ақ төсегін салып, төргі бөлмеге балаларымен бірге жатқызды. Балаларымен бірге ойнап, өзімді үйде жүргендей сезіндім.

Үйді, әке-шешемді сағынып жүрген мен апайымның жылы шуағына бөленіп, бала көңілім бір марқайып қалды. Апайыма деген ризашылығымды іштей жеткіздім. Жүрегім аттай тулап, көңілімді мақтаныш сезімі кернеді. Интернатта жалғыз тастап кетпей үйіне алып келгеніне шексіз риза болдым. Өзімнің туған үйіме келгендей жылылықты сезіндім. Апайдың мейірімділігіне тәнті болдым. Өзгенің баласын өз баласындай бауырына басқанына жүрегім елжіреп кетті. Еріксіз көзіме жас келді. Бірақ оны апайыма көрсеткенім жоқ. Бойымдағы намысты қамшылап, көз жасымды іркіп қалдым.

Ертесіне апай таңертеңгісін таңғы асын беріп, қызметтік көлігімен интернатқа алып келді. Келсек, әкем де Одаманның асуы ашылып, өтіп интернатқа мені алып кетуге келіп отыр екен.

Апайым мені ерекше жақсы көретін еді. Сол анамдай аялап, үнемі маған қамқор болып жүретін еді.

Кейіннен де жетінші сынып оқып жүрген кезімде де әкем кенеттен жол апатынан қайтыс болды. Сол уақытта апай маған моральдық жағынан көмек берді. Мені кабинетіне шақырып, ауылдан Әліп Беген ағамыз келген еді. Ол кісі кезінде Намаевтың жүргізушісі болған. Апай маған:- Әкең ауруханаға түсіп қалыпты, ауылыңа барып қайт,- деп бала жүрегі қорқып қалмасын деген оймен Әліп ағамның көлігіне мінгізіп шығарып салды. Бір жағы әкесіне топырақ салсын дегені болуы керек.

Содан кейін де Маржан апай мені өте жақсы көрді. Әкесі қайтыс болып, қамкөңіл болып жүр ғой деп ойлады ма, маған үнемі қамқор болатын. Мектеп бітіргенше мені өз баласындай жақсы көріп жүрді.

Иә, жүрегі кең, жаны жомарт. Жаным шәкірттерімнің жолында құрбан деп жүретін сондай тамаша жандарды қалай ұмытарсың.

Маржан апай сабақ өткізгенде сілтідей тынып тыңдайтынбыз. Әрбір сабағына ол кісі жан-жақты дайындалып келетін. Шәкірттерін тез баурап алып, әдебиет әлеміне біздерді еркін жүздіретін. Сабақ үстінде оның ерекше түсіндіргені сонша шығарма кейіпкерінің образына кіріп, өзіміз сол оқиғаның ішінде жүргендей сезінетінбіз.

Ұстазымыз бізді патриоттыққа, отанды сүюге беріле тәрбиелейтін.

Ең бастысы білімнен бұрын тәрбиені бірінші орынға қоятын. Сыпайылық, инабаттылық қасиеттерін ол кісіден бойымызға мол сіңірдік.

Келмеске кеткен кеңес өкіметінің сұрқия саясатынан қорықпай оқушыларды, жастарды ұстаздарымыз қазақтың ұлттық тәрбиесімен тәрбиеледі. Әсіресе батырлар жыры «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ертарғын» жырларын оқытқанда ерлікке, ұлтжандылыққа жетелеп отыратын.

Маржан Тасова апайымыз сабақ өту барысында өзінің педагогтік еңбек жолы жайлы біздерге өте мағыналы етіп баяндап беретін. Апай 1940 жылы Түркістан педучилищесін тәмамдаған соң білімін одан әрі тереңдету мақсатында Шымкент қаласындағы Крупская атындағы оқытушылар институтына түседі. Жоғарғы оқу орнының бірінші курсын оқып жүрген кезінде Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты оқуды тастап, Алғабас ауданында Төртқұл орталау мектебінде қазақ тілі сабағынан оқытушы болып еңбек жолын бастайды. Соғыстан соң білімін қайта жалғау мақсатында 1948 жылы мұғалімдір институтын, одан кейін 1956 жылы Алматы пединститутын бітіреді.

1943-1946 жылдары Қызылқұм (қазіргі Әл-Фараби) Отырар орталау мектебінде директор болып жұмыс істейді.

Маржан Тасова кезінде оқу-ағарту саласында ұзақ жылдар басшылық қызметтер атқарды. Облыстық кеңестің және қалалық Кеңестің бірнеше дүркін депутаты болып сайланды. Сондай-ақ, қалалық партия комитетінің пленум мүшесі, облыстық кәсіподақ президиумының мүшесі болып бірнеше дүркін сайланды. Кеңес өкіметі кезінде болған мұғалімдердің II, III съезіне делегат болып қатысты.

«Мектеп-интернат және эстетикалық тәрбие» деген еңбегін бүкіл республикадағы мектеп-интернат басшыларының арасында өзінің жұмыс жүргізу әдісін жазып, пікір алысып,, педагогикалық оқуларда баяндама жасады. Кітапшасы облыс, республика көлемінде таралымдарда жарық көрді. Бірнеше рет Шымкенттегі оқытушылардың білімін жетілдіру институты плакат шығарды, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында эстетикалық тәрбие және тағы басқа әдістерін облыс көлемінде таратты. Бұл мектеп-интернатты қазақ еліне қызмет еткен көптеген қайраткерлерді, ұстаздарды, ғалымдарды, мықты азаматтарды, спортшыларды тәрбиелеп шығарды.

Маржан апай басшылық жасап, тәлім-тәрбиесін берген бұл білім ұясынан физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Тынысбек Қалменов, биология және экономика ғылымдарының докторы Аманбек Ақайұлы, медицина ғылымдарының докторы Мәлік Байдібеков, сонымен қатар Әріпхан Садықов, Қилыбек, Тұрлыбек, Нұрмахан Жолдасов, Ғани Ахметбаев, Низамиддин Жамашов, Әлдібек Сәдірбек, Әбдез Рахман, Қайрат Төлебаев, Еркебұлан Қайназаров (ақын) түлеп ұшқан.

Маржан Тасова өз еңбегін халықпен пікірлесіп, халық ойын ескеріп оқыту мен тәрбиенің жастар арасында қалай өткізу жас мұғалімдермен кездесу, оларға берген тәлімгерлік кеңестері орталық, облыстық газет-журналдарда жариялап отыратын. Аракідік болса да жоғарғы сыныптарға барған кезде апайымның жазған дүниелерін үзбей оқып тұратынмын. Танымдық, тағылымдық мақалалары білім саласындағы құнды мақалалар болатын.

Маржан апайдың қолында тәрбиеленген академик Ө.Жолдасбеков,, С.Темірбеков, Ә.Монтаев, Е.Мырзаев, Ә.Әлиев, Т.Қазақбаев, Т.Қалменов, А.Ақаев, ЖүТүймебаев тағы басқа көптеген оқушылар қазіргі таңда еңбектері елге танымал азаматтар.

Жүрегі кең, білімді, адамгершілігі мол Маржан апай шәкірттерін өз балаларындай еркелететін. Үнемі шәкірттер жүрегінен жол таба білетін ұстазымыз сабақты түсіндіргенде барлық дүниені ұмытып тек қана апайды ұйып тыңдап, шығарма кейіпкерлерінің образына кіріп отыратынбыз. Кейіпкерлермен бірге қуанып, бірге жылайтынбыз. Апай да өзі жүргізген сабағында біздерді ерекше баурап алатын. Сосын Маржан апайдың сабағынан ешбір оқушы қалмауға тырысатын. Ол кісі сыныпқа кірген сәттен бастап бөлмеде тыныштық орнайтын. Өйткені апайдың әрбір сабағы тартымды. Әдебиеттің теориясын, тарихын, шығармаларындағы кейіпкерлердің бейнесін керемет ашып, түсіндіріп беретін.

Апайдың алыстағы мал ауылдарынан келіп оқып жүрген шәкіртеріне деген қамқорлығы ерекше болатын. Ата-анасын, ауылын, бауырларын сағынып жүр ғой деп оларға елжірей қарап, жүректеріне жылылық нұрын себуге әрдайым әзір тұратын.

Балалар да апайды өз аналарындай аялап, құрметтейтін. Апай бір жаққа іс-сапарға кетсе, аландап, іздеп, сағынып қалатынбыз. Мейірімді келбеті балаларды өзіне тартып тұратын. Еркелеп, ол кісімен сырласатынбыз.

Бала жүрегінің бағбаны деген сөзді Маржан апайға айтса әбден жарасады. Білімі терең, бойында аналық мейірімі мол жан болатын.

Белгілі ақын, Созақ аудандық «Молшылық үшін» газетінің бас редакторы болған азамат Жарылқасын Боранбаев Социалистік Еңбек Ері Маржан Тасованың қарамағында қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып қызмет атқарған кездерін мақтанышпен айтып отыратын. Ол 1972 жылы Шымкент педагогика институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын №12 мектеп-интернаттан бастайды. Өзінің білім алған мектебіне қызметке келгеніне қатты қуанады. Мені пән мұғалімі етіп қабылдағаннан кейін маған «8а» сыныбын берді деп айтып отыратын естелігінде. Бұл сыныпта еті тірі, мінезді балалар жиналған екен. Расында сынып тынышсыздау болып шықты. Жас мұғалімге бірталай уақытқа дейін тер төгуге тура келді. Жас маман балалармен етене араласып, оларды әдебиетке баулып, оларды қызықтырып, көп ұзамай ортақ тіл тауып кетеді.

Ұстаздық шеберлігі де бұл жерде үлкен роль атқаратыны белгілі. Осы жағынан келгенде біздерге ұстаз болған Жарылқасын ағай да Маржан апайдан бойына сіңірген педагогтік шеберлікті шебер қолданып, шәкірттерін тез арада баурап алатын қасиетке ие еді.

Сонау балалық шақтың қызықты күндерін еске алғанда бірден көз алдыма Маржан Тасова апайымның нұрлы бейнесі көз алдыма келеді. Бүкіл ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған ондай парасатты, терең білімді, адамгершілігі жоғары, нағыз педагогтың ұстаздық шапағатына бөленіп, алдынан дәріс алғанымды мақтаныш тұтамын. Ол кісінің сабырлылығы, шәкірттеріне деген ерекше қамқорлығы, ұстаздық шеберлігі менің есімнен ешқашан кетпейді.

Жаны жақсылық үшін жаралған, көзінен мейірімі төгіліп тұрған, барлық нұры мен шуағын шәкірттеріне арнаған асыл жан оқушылық кезеңіміздің биік шынары еді десем артық айтқандық болмас, сірә!

Кезінде Маржан апайдың ұстаздық дастанын тыңдап, ол кісінің аялы алақынын, аналық жүрегінің ыстық лебін бойыма алғаныма мың да бір шүкір деймін. Жүрегіме нұр құйып, білім нәрімен сусындатқанына дән ризамын. Мұндай бақыт кез келген адамға бұйыра бермейтін шығар. Ұстазым менің, ұстазым!

***Шәріп СЫРҒАБАЕВ,***
***Маржан Тасованың шәкірті.***

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.**
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
*Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы*

**Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады**
**Индекс 64450**
**Редакцияның мекен-жайы:** *161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97*
А-ақысы төленген

**тапсырыс №**
таралымы -
**3600 дана**
**Кезекші редактор:**
М.Қарғабай.